

Шымкент қаласы білім
бөлімінің балабақшасы
«Лилия» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Товарищество с органиченной
ответственностью Ясли-сад
«Лилия» отдела образования
города Шымкент

Бұйрық №291/1

«Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңес құрамын құру туралы»

03.09.2024ж

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жыл 11
мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы әдеп жөніндегі кеңес төмендегі құрам бойынша құрылсын.
 - 1) «Педагогикалық әдеп» кеңесінің төрағасы – Л.И.Яворская;
 - 2) ЖШС «Лилия» бөбекжай-бақшасының әдіскері – У.О.Ахметова;
 - 3) ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі – О.В.Рыбникова;
 - 4) ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі – Л.Л.Хоменко;
 - 5) «Өрлеу» БАҰО АҚ аға оқытушысы – С. Жолшыбекова
 - 6) ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы ардагер ұстазы – Л.В.Шишкина
 - 7) Хатшы – Г.Орын
2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші:

Л.И.Яворская

Бұйрықпен таныстым.

Бұйрықпен таныстым.

Бұйрықпен таныстым.

Бұйрықпен таныстым

Бұйрықпен таныстым

Бұйрықпен таныстым.

Бұйрықпен таныстым.

Л.И. Яворская
У.О. Ахметова
О.В. Рыбникова
Л.Л. Хоменко
С. Жолшыбекова
Л.В. Шишкина
Г. Орын

Л.И. Яворская
У.О. Ахметова
О.В. Рыбникова
Л.Л. Хоменко
С. Жолшыбекова
Л.В. Шишкина
Г. Орын

«Бекітемін»
ЖШС «Лилия» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:
 Л.И.Яворская

**ЖШС «Лилия» бөбекжай-бақшасының педагогикалық әдеп кеңесінің
2024–2025 оқу жылындағы жұмыс жоспары**

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	1. Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысында қаралатын мәселелер: 1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын мүшелерін бекіту, жұмыс жоспарын бекіту 2. №190 бұйрық және педагогикалық әдеп кодексімен таныстыру 3. Педагогикалық әдеп, ұстаздың этикасы және мәдениеті	Қыркүйек 2024	Хаттама
2	№2 отырыста қаралатын мәселелер: 1 Мұғалім мәдениеті 2. Тәрбиеші мен балалардың қарым - қатынас ерекшеліктері 3. Бақша ішіндегі шағымдарды қарастыру	Қаңтар 2025	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы: 1. Ата-анамен қарым-қатынас әдебі 2. Шағым, ұсыныс, түсіндіру мәдениеті 3. Педагог имиджі 4. Балаларға бағытталған зорлық-зомбылықтың алдын алу	Мамыр 2025	Хаттама

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 хаттамасы

Катысканлар: 7

03.09. 2024жыл

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары мен кеңес құрамын бекіту.

2. №190 бұйрық және педагогикалық әдеп кодексімен таныстыру.

3. Педагогикалық әдеп, ұстаздың этикасы және мәдениеті

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Л.И.Яворская сөз алды: «Саламатсыздар ма, әріптестер!

Балабақшамызда өткізілетін Педагогикалық әдеп кеңесінің мақсаты – ұстаз бен балалардың арасында дұрыс қарым-қатынас орнату, ұстаздың жоғары кәсіби мәдениетін қалыптастыру, қоғамдағы беделін көтеру және білім ордасында жақсы әрі таза адамгершілік ортаны сақтау болып табылады. Негізгі міндеттері мен бағыттары: өзара сыйластық: балалардың жеке басын құрметтеу және оған әділ талап қою; мәдениетті қарым-қатынас: ұжымдағы әріптестермен, ата-аналармен және балалармен сыпайы сөйлесу; ахуалды жақсарту: балабақша ішіндегі даулы жағдайлардың алдын алып, оларды шешуге көмектесу; жауапкершілік: ұстаздың өз жұмысына адал қарап, кәсіби әдеп нормаларын қатаң ұстануы болып табылады.

Бүгінгі отырысымызда педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту мәселесі қарастырылады. Кеңес құрамы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес, сондай-ақ №190 бұйрық негізінде бекітіледі. Әдеп кеңесінің мүшелері ұйымның әділ, әрі ашық жұмыс жасауына, педагогтердің құқығын қорғауға, ұжымдық мәселелерді мәдениетпен шешуге ықпал етеді. Кеңес құрамына басқарушы орган өкілдері, тәжірибелі педагогтер және қоғамда беделі бар қызметкерлер енгізіледі. Бұл құрам педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға, бақылау жасауға, ұсыныс беруге және туындаған мәселелерді дер кезінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша бүгінгі күн тәртібіндегі негізгі міндет-педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекітіп, алдағы оқу жылында жүйелі жұмыс жүргізу үшін нақты бағыт айқындау болып табылады. Сонымен қатар Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарыменде сіздерді таныстырып өтейін деп, кеңестің жылына 3 рет өткізілетінін және ол кезде қандай тақырыптар қозғалатыны жайында түсіндіріп өтті.

Сөз соңында кеңес төрағасы кеңес құрамын ұсынды:

-Менің ұсынысым ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы әдеп жөніндегі кеңес төмендегі құрам бойынша құрылсын.

1) Педагогикалық әдеп» кеңесінің төрағасы – Л.И.Яворская;

2) ЖШС «Лилия» бөбекжай-бақшасының әдіскері –У.О.Ахметова;

- 3) ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі – О.В.Рыбникова;
- 4) ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі – Л.Л.Хоменко;
- 5) «Өрлеу» БАҰО АҚ аға оқытушысы –С. Жолшыбекова
- 6) ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы ардагер ұстазы–Л.В.Шишкина
- 7) Хатшы – Г.Орын

(Барлық қатысушылар бір ауыздан қолдау көрсетті).

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі әдіскері У.О.Ахметова сөз алды. Б

-Бүгінгі отырыстың маңызды бағыттарының бірі-педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын реттейтін №190 бұйрық және педагогикалық әдеп кодексінің негізгі талаптарымен таныстыру. Педагогикалық әдеп білім беру ұйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары: 1) адалдық: педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) әділдік: педагогтің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

3) жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу: педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болады. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының өсуіне ықпал ету мақсатында білім алушының жетістіктерін (жетіспеушілігін) бағалауда сыпайылықты қамтамасыз етеді.

Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермейді;

4) патриотизм: педагог өз Отаны - Қазақстан Республикасына, тарихына, дәстүрлеріне және тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қарым-қатынасты білім алушыларға береді.

5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік: Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды,- деп әр қайсысына жеке жеке тоқталып, түсіндіріп өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Педагогикалық әдеп, ұстаздың этикасы және мәдениеті» бойынша кеңес мүшесі, «Өрлеу» БАҰО АҚ аға оқытушысы –С. Жолшыбекова сөз алды.

Педагогтың бойында болу керек қасиеттер: мейірімділік, балаларға деген шынайы махаббат, эмоционалдық байсалдылық әділдік, балаларға деген зейін, қайырымдылық, сергектік, өмірді сүйгіштіктік, тіл табыса білу, бәрімен араласа білу, жігерілік. Педагогтың бойында болмау керек қасиеттер: дөрекілік, баланы жеке тұлға ретінде қабылдамау, сыйламау әділетсіздік, өзін-өзі ұстай білмеу, әдепсіздік, балаларға немқұрайлы қарау. Педагогикалық этикада ұстаздың адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады, бұл қасиеттерсіз педагогтің басқа да кәсіби қасиеттері мен икемділіктердің құндылықтары жойылады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік, абырой, әділеттілік, шынайылық, ар-ұят, қарапайымдылық сияқты қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрауыштары болып табылады. «Нағыз тәрбиеші ұстаз бойында он екі тума табиғи қасиетті меңгерген дана адам болу керек» деген екен Әл-Фараби. Өнер-білімге құштар, жаратылысынан өзіне айтқанның бәрін жете түсінетін; өзі естіген, көрген, түсінген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз; өткір сөз иесі және ойына түйгенінің бәрін анық бере алатын; жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын; жаратылысынан игі істерге ынтызар; әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін; жақындарына да, жат адамдарға да әділ, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, бұл қасиеттерді бір-бірімен сәтті ұштастырған адам ғана нағыз ұстаз, жұртқа жақсы басшы бола алады,- деп педагог этикасы мен мәдениетіне тоқталып өтті.

Кеңес соңында кеңес төрағасы Л.И.Яворская кеңесті былай қорытындылады: Ұстаз деген ұлы тұлға жайында көптеген ғұламалар, жазушылар мен ақындар өлеңдерін арнап, керемет сипаттама қалдырған. Осы білім ордасында жұмыс жасап отырған қызметкерлердің барлығы Ұстаз болып саналады және бізге жүктелген өте үлкен жауапты міндет тұр. Сондықтан, ұстаз деген атымызға лайықты жұмыс жасап, алдымыздағы бүлдіршіндерге жақсы тәрбие, білім беруге ұмтылайық, өз ісімізге жауапкершілікпен қарайық,- деп сөзін аяқтады.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары мен кеңес құрамы бекітілсін;
2. Кеңес мүшелері №190 бұйрық және педагогикалық әдеп кодексімен таныстырылып, жұмыс жасасын;

3. Барлық педагогтарға Педагогикалық әдеп, ұстаздың этикасы және мәдениеті бойынша бақылау және әдістемелік көмек жұмыстарын жүйелі түрде жүргізісін.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Л.И.Яворская
Г.Орын

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 хаттамасы

Катысканлар: 7

13.01.2025ж

Күн тәртібінде |

1. Мұғалім мәдениеті
2. Тәрбиеші мен балалардың қарым қатынас ерекшеліктері
3. Бақша ішіндегі шағымдарды қарастыру

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Мұғалім мәдениеті» жайында кеңес төрағасы Л.И.Яворская сөз алып, мұғалім мәдениетінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өтті. «Үнемі жылы шырай таныту: мұғалімнің әрбір сөзі оның көңіл-күйін білдіреді. Мұғалімнің жылы шырай танытуы оның сөйлеген сөзінен, дауыс ырғағынан, қимыл-қозғалысынан білінеді. Балалар туралы айтқан әрбір сөзі оған деген көзқарасын білдіреді. Үнемі мадақтап отыру: баланы үнемі мақтап, оның әрбір іс-әрекетіне көңіл бөлу, баланың рухани өсуіне жақсы әсер етеді. Бала өзіне сеніп тапсырылған әрбір іске сеніммен кірісіп, өзінің қабілетін толық ашуға ұмтылады. Үлкендер қолдап отырғанда балалар өздерінің біліктерін бұрынғыдан да табысты іске асырады. Мақтау балаға қанат бітіріп, қабілеті мен мүмкіншілігін арттырады. Мақтау балаға білім беру мінезін тәрбиелеу жолындағы ең маңызды кілт болып саналады. Ынтымақтастық: мұғалім балаларға сабағын қызықты өткізе білсе, бала сол мұғалімнің сабағын жақсы тындап, дайындалады. Егер мұғалім сабағын дұрыс ұйымдастыра алса, оқушыларға қалай болса солай сөйлесе, орынсыз балағаттай берсе, тіл табыса алмаса, әртүрлі сылтаумен сабақ өтілмесе, мұғалімнің бала алдында беделі түсіп, сабағына қызықтыра алмайды. Сондықтан ынтымақтастық мұғалімнің негізгі құралы. Оқыту мен тәрбиелеу үрдісі: білім берудегі негізгі мақсат балаларды зерделі де, өнегелі адам болып өсуіне тәрбиелеу. Біліммен бірге оларға адамгершілік негіздерімен өнегелі өмір принциптерін бағалап, өздері таңдауына жол беру керек. Балаларды өз ойларын, өз пікірлерін, өз сезімдерін дәл айтып беруге үйрету керек. Сонда ғана олар басқалардың көңіл-күйін бөлісе алады. Өзіне сенімді, өз сезімдерін шын айта алады, дұрыс пікірлерін айтып, басқаларға көмектесе алатынын айтып өтті. Жалпы, мұғалім этикасы, мұғалім мәдениетін жақсы меңгерген ұстаз жақсы бала тәрбиелеп шыға алады. Ал енді ұстаздың қарым-қатынас мәдениеті жайында айтар болсам, ең үлкен мән берілетін бөлігі ол: мұғалімнің сыртқы келбеті мәдениеті, мұғалімнің өзін – өзі басқару шеберлігі, мұғалімнің ымы-шара (мимика, жест) мәнерлі негіздері және мұғалім мәдениеті, өзін ұстауы, сөйлеу шеберлігі, шешендік қасиеті, интонациясы» - деп баяндамашы айтылған бөлімдерге жеке жеке тоқталып өтті.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Тәрбиеші мен балалардың қарым қатынас ерекшеліктері» тақырыбы бойынша кеңес мүшесі ардагер ұстазымыз Л.В.Шишкина сөз алды:

-Мектепке дейінгі жастағы бала әлемді ең алдымен қатынас арқылы танытынын; осы қатынастың сапасы тәрбиешінің сөзінен, дауыс ырғағынан, көзқарасынан, тіпті үзілістер мен үнсіздіктерінен байқалатынын айтты. Сондықтан тәрбиешінің сөйлеу мәдениеті – кәсіби құзыреттіліктің өзегі әрі бала дамуының тілдік-әлеуметтік ортасын айқындайтын фактор. Тәрбиеші сөйлеу мәдениеті арқылы: баланың тілдік белсенділігін оятады (сұрақ-жауап, сюжеттік-рөлдік ойындардағы диалог); когнитивтік құрылымдарды қалыптастырады (рет-ретімен баяндау, салыстыру, себеп-салдар байланыстарын сөзбен белгілеу); эмоциялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді (ынталандырушы, «ұялтпайтын» тілдік формулалар).

Зерттеулерде тәрбиеші сөзінің экспрессивтік-бейнелілік құралдары (метафора, эпитет, салыстыру) балалардың сөздік қорын байытып, тыңдауға мотивация тудыратыны дәлелденген. Демек, сөйлеу мәдениеті – білім мазмұнының ғана емес, тәрбиелік ықпалдың да тетігі. Сонымен қатар сөйлеу мәдениеті: ұғымы, құрылымы және тәрбиеші кәсібіндегі орны туралы, Баланың жас ерекшелігіне сай тілдік модельдерге тоқталып өтіп, сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Бақша ішіндегі шағымдарды қарастыру» бойынша сөз кезегін кеңес мүшесі У.О.Ахметова алды.

-Қазіргі таңда бақшамызда керемет ертеңгіліктер ұйымдастырылып өткізілді, ата-аналармен бірігіп, ашық есік күндерін өткіздік. Тәрбиешілердің ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, жақсы жұмыс жасап жатқандарын көріп, қуанамыз. Ата-аналар тарапынан ешқандай шағым болған емес, барлығы тек алғыстарын білдіріп жатыр. Ата-аналар тарапынан тек ұсыныстар болды. Ол ұсыныстар, балабақшаның жұмысы уақыты сағат 19.00 дейін ұзартылса деген ұсыныс. Бірақ біз ол ұсынысты орындай алмаймыз. Өйткені біздің бақшамыздың жұмыс уақыты 18.30 дейін, ал тәрбиешілердің барлығы алыста тұрады және қыс уақытында күн қысқа, тез қараңғы батуына байланысты деп ата-аналарға түсіндіріп өттік.

Ал тәрбиешілер, медбике және басқа да қызметкерлер тарапынан ешқандай шағымдар болған емес,- деп сөзін аяқтады.

Кеңес шешімі:

1. Мұғалім мәдениеті барлық қызметкерлерге түсіндіріліп, жұмыстар жасалсын;
2. Тәрбиеші мен балалардың қарым қатынас ерекшеліктеріне үлкен көңіл бөлініп, жұмыс жасалсын;
3. Бақша ішіндегі шағымдарды қарастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Л.И.Яворская

Г.Орын

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС
ОТЫРЫСЫНЫҢ
№3 хаттамасы**

Катысканлар: 7

20.05.2025ж

Күн тәртібінде

1. Ата-анамен қарым-қатынас әдебі
2. Педагогикалық шеберлік
3. Ұстаздарға «Психологиялық темпераменттер» туралы түсінік беру

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Ұстаздың ата-анамен қарым-қатынас әдебі» бойынша кеңес төрағасы Л.И.Яворская сөз алды.

-Ерекше көңіл аударарлық сфера болып, балалардың ата-анасымен мұғалімнің қарым-қатынасы саналады. Балабақшаның алдына қойған міндеттер келер көмекті күшейтуді, жас өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесіне деген жауапкершілікті көтеруді үздіксіз талап етеді. Баланың тәрбиесінің тиімділігі көбіне ата-ана мен балабақшаның талабы мен ынтасын келісе отырып жұмыс істеуіне байланысты. Көзге түсерлік рөлді ұстаз бен балалардың ата-анасымен өзара қарым-қатынасы ерекше орындайды. Олардың бірге жұмыс істеуі – баланың үй жағдайындағы ерекшелігі туралы жан-жақты ақпарат алуына, жанұядағы өзара қарым-қатынас туралы мінезіне, ата-ананың өз баласының балабақшадағы жетістіктері мен кемшілігі туралы біліп отыруына үлкен әсере етеді. Осыған байланысты ата-ананың өз балаларына қандай бағдар беріп отырғандығын байқауға болады. Осындай ақпараттарды ұстаз қаншалықты кең алып отыратын болса, оның ата-ана мен балаларға педагогикалық тиімді әсер етуінің мүмкіндіктері өте үлкен болмақ. Ұстаздың ата - аналармен қатынасуының өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-ананың өз баласына деген сүйіспеншілігінен ұстаздың қылығы мен талабын шектен тыс субьективті деп кездеседі. Ата-анаға өз баласының кейбір қылығы, іс-әрекеті тәрбиеге сай келмесе, ол мұғалімге деген көңіл толмаушылыққа әкеліп соғады, ал оған мұғалімнің немқұрайлылығы қосылса, оның нәтижесі балабақшаға кері әсерін тигізеді. Сондықтан ұстаз бен ата - аналар тығыз қарым-қатынас орнатып, бір бағытта жұмыс жасағаны дұрыс. Ол үшін мынадай кеңестер ұсынар едім,- деп кеңес төрағасы өз ұсыныстарын айтып, сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Педагогикалық шеберлік» бойынша кеңес мүшесі О.В.Рыбникова сөз алды.

Педагогикалық шеберлік негізі неде? Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында балабақша, мектеп, ал сол

білім ордаларында жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы- ұстаз тұрады. «Мұғалімдер- қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады», – деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Ал педагогикалық шеберліктің негізі неде? Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің ролін анықтау, балалар мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру – педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

«Тәуелсіз елге – білікті маман» демекші, педагогикалық шеберліктің негізі, өткен пікірімізде айтып кеткеніміздей, білім мен тәрбиені ұштастырумен қатар – педагогтардың жаңа технологияны меңгере білуінде және оны өз тәжірибесінде қолдана алуында, – деп ұстаздардың жан-жақты дамыған, кәзіргі жаңа технологиялардан хабары бар, жан-жақты, іскер адам болуы қажет екенін айтып өтіп, «Педагогикалық шеберлік – бұл оқу-тәрбие іс-әрекетінің барлық түрлерін оңтайландыратын, оларды жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мен жетілдіруге, оның дүниетанымдық қабілеттерін қалыптастыруға, әлеуметтік маңызды іс-әрекетке деген қажеттілікке бағыттайтын кәсіби шеберлік»- деп баяндамасын осылайша қорытындылады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Ұстаздарға «Психологиялық темпераменттер» туралы түсінік беру» тақырыбында сөз кезегін Кеңес мүшесі «Өрлеу» БАҰО АҚ аға оқытушысы –С. Жолшыбекова алды.

- Мұғалім мамандығы ерекше болғандықтан, ол әрдайым көпшіліктің алдында. Алдына келген балалардың психологиялық ерекшеліктерін, темпераментін білу ұстаз үшін ең жақсы әдіс. Өйткені әрбір бала темпераментіне байланысты балалармен сөйлесу, оларға тапсырма беру және қарым-қатынас жасауда ерекшелік болады. Темперамент жеке тұлғаға тән ең тұрақты маңызды ерекшеліктерден құралады. Ол адамның жүріс-тұрысынан, оның өзіне және қоршаған әлемге деген қатынасынан білінеді. Темперамент- бұл қарым- қатынас жасау барысындағы сыртқы ортаға, айналадағы жағдайға деген психикалық реакцияның сипаты. Темпераменттің негізгі 4 типін бөліп қараймыз:

1. Сангвиник- ширақ, көпшіл, сыртқы қоздырғышқа тез жауап береді. Бұл күшті тип, ол өзін-өзі жақсы ұстай алады, байсалды келеді.

2. Холерик- ширақ, көпшіл, қызба, сыртқы қоздырғышқа жауабы әр түрлі. Шыдамсыз, ашуланшақ болып келеді. Бір нәрсені бастаса оның тоқтату қиын. Олар тік мінезді

3. Флегматик- селқос, көп қозғалмайтын, сабырлы, ұстамды. Олар бос сөлегенді ұнатпайды, тұйық. Ұзақ және бір қалыпты жұмыс жасай алады, күтеде алады.

4. Меланхолик- селқос, біртоға. Бұл әлсіз тип, оған өзіне-өзі сенімсіздікпен жасықтық тән. Меланхолик ренжігіш, күмәншіл болып келеді. Ұстаздың алдында отырған балалардың барлығында әр түрлі мінез бен темперамент бар. Сол үшін әрбір балаға қарым-қатынас барысында баланың темпераментіне де үлкен көңіл бөлу керегін айтты. Сонымен қатар, адам бойында кейде екі немесе үш темпераменттің де көрсеткіштері кездесетінін айтып, оларды қалай ажыратуға болатын әдістер жайында түсіндіріп, баяндамасын аяқтады.

Кеңес шешімі:

1. Ата-анамен қарым-қатынас әдебімен қызметкерлерді таныстырып, сол бойынша жұмыстар жасалсын;
2. Ұстаздардың бойынша Педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында жұмыстар жасалсын;
3. Ұстаздарға «Психологиялық темпераменттер» туралы түсінік берілсін, балалар темпераментіне көп көңіл бөлініп, сол бойынша жұмыстар жасалсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Л.И.Яворская

Г.Орын